

Көшеге ат қою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігі Талапты ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 4 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 18 мамырда N 14-9-80 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасына және ауыл тұрғындарының 2009 жылғы 7 сәуірдегі жалпы жиналысының хаттамасы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Көкмардан ауылындағы М.Қабылұлы мен Қ.Омаров көшелері аралығындағы аты жоқ көше Мамау Сералиев көшесі деп аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округі әкімінің орынбасары Қ. Е м б е р г е н г е жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

А. Бейсенбиев